

Е. Ж. Тоқтабеков,
әкімшілік құқық және ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі
кафедрасының оқытушысы, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысындағы ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ ӘКІМШІЛІК ПОЛИЦИЯ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ЖОЛ ПАТРУЛЬДІК ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі істер органдары әкімшілік полиция қызметінің бірден-бір бағыты автокөлік және жаяу жүргіншілердің жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Оны қазіргі таңда жол патрульдік полициясы жүзеге асырады. Құқық қатынастарының бұл түрі материалдық сипаттағы нормаларды біріктіретін нормативтік құқықтық актілермен айғақталады.

Ішкі істер органдарының жүйесіне қарайтын жол патрульдік полициясына жүктелген міндеті және бағыты, оған қоса бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерінің бірі — жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі мемлекеттік саясатты іске асыру құралы болып табылады және ол жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қатынастарды айқындайтын құқықтық нормаларды, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысанына қарамастан, жеке және заңды тұлғалардың, жол жүрісіне қатысушылардың, жол жүрісі қауіпсіздігі мен жол-көлік оқиғаларының зардаптарын жоюды қамтамасыз ететін құралдар мен шаралардың жиынтығын қамтиды.

Ал кез келген құқықтық салада немесе басқа да қамтамасыз ету жүйелерінде қағидалары болады. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өзіндік ойлары, яғни қағидалары бар. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі қағидалары мыналар болып табылады:

- жол жүрісіне қатысушы азаматтардың өмірі мен денсаулығының шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижелерінен басымдығы;

- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекет жауапкершілігінің жол жүрісіне қатысушы азаматтардың жауапкершілігінен басымдығы;

- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде азаматтар мен мемлекет мүдделерінің сақталуы;

- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жүйелі көзқарас.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әкімшілік полиция комитеті жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында арнайы бақылау, қадағалау және рұқсат ету функцияларын, сондай-ақ автомобиль жолдарында қоғамдық тәртіпті сақтау, адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне және құқыққа қарсы қол сұғушылықтарды алдын алу мен жолын кесу жөніндегі басқарушы функцияларды жүзеге асырады¹.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жол патрульдік полициясының жол қозғалысын қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі, қоғамдық қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі, азаматтардың мүдделері мен заңдылық құқықтарын қорғаудағы, оның қызметінде заңдылық пен тәртіпті нығайтудағы жұмысын жетілдіру жол патрульдік полициясының саптық құрылымдарына жүктелген. Жол патрульдік полициясының адам мен азаматтардың өмірі мен денсаулығымен тікелей байланысты қызметі — пайда болатын жол-көлік оқиғалары зардаптарының алдын алу және ауырлығын төмендету. Жол-көлік оқиғасы — көлік құралдарының жол бойында жүрісі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамдар жарақаттанған немесе қаза тапқан, көлік құралдары, ғимараттар, жүк бүлінген не өзге де материалдық залал келтірген оқиға болып табылады. Күнделікті жол-көлік оқиғасы барысында, қаншама азаматтардың өмірі қиылады. Жол патрульдік полициясының қызметкері айдап әкетілген, ұрланған көлік құралдарын, жүргізушілері жол-көлік оқиғалары орындарынан қашып кеткен көлік құралдарын іздестіру қызметін жүзеге асырады. Ішкі істер органдары жол патрульдік

полициясы саптық құрылымдары жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде көлік құралдарының жағдайына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкестігін, стандарттардың және басқа да нормативтік-техникалық құжаттамалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Көлік құралдарының конструкциясын, техникалық жағдайын бақылаудың мақсаты — оларды қосымша жабдықтау заттарының, техникалық жағдайының нормативтік-құқықтық кесімдердің, стандарттардың және басқа да нормативтік-техникалық құжаттамалардың талаптарына сәйкестігін тексеру, сәйкес келмеуінен пайда болатын жол-көлік оқиғалары зардаптарының алдын алу және ауырлығын төмендетуⁱⁱ.

Жол қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде құқық бұзушылықтың алдын алу, жол қозғалысы қауіпсіздігін насихаттау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды және жүргізуде, осы саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіруді, осы мақсатта байқаулар, конкурстар, жарыстар және басқа да іс-шаралар өткізуді, жолдарда жүру қауіпсіздігі ережелерін халыққа үйретуді ұйымдастыруда атқарушы органдар мен оқу орындарына көмектесуде қызмет атқарады. Жол қозғалысын ұйымдастыруды толық жетілдіру шараларын әзірлеу жол-көлік оқиғаларының мәліметтерін, автомобиль жолдары мен көшелердің пайдаланылу жай-күйін тексеру нәтижелерін, жол пайдалану, көліктік ұйымдардың, жол қозғалысына бақылау жүргізуші жол патрульдік полиция қызметкерлерінің және азаматтардың ұсыныстарын талдау негізінде жүзеге асырылады. Соңғы жылдары елімізде көлік санатының көбеюіне байланысты жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету кез келген мемлекеттік органның алдындағы өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Жол қозғалысын ұйымдастыру, жол жағдайы, олардың параметрлерінің қарқынды өскен қозғалысқа және көлік ағымына сәйкестігі, жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге дер кезінде көмек беру және көптеген мәселелер жүйелі түрде шешуді және тиісті қаржыны талап етедіⁱⁱⁱ.

Адам өмірін қимайтын автокөлік жолдарын салып, оның инфрақұрылымдық элементтерін құру. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі бірқатар заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп жаңа Заң күшіне енді. Жол қозғалысына қатысушыларға қойылатын тәртіп қатайып, талап күшейді. Жол апатының негізгі үш себебі бар. Олар жүргізуші, көлік және жолдың сапасы. Қазіргі таңда, еліміз Еуро-4 стандартына көшті. Бұл елімізге әкелінетін көліктерге де тікелей қатысты. Яғни, төрт жылдан бұрын шығарылған шет елдік автокөлікті елімізге әкелуге болмайтыны бекітілген. Бұл дегеніміз көлік паркінің жаңара түсуі де, жол апатының азаюына себеп болар деген үміттің бірі. Қазіргі уақытта заңның жұмсақтығы немесе қаттылығы туралы айту ертерек болғанымен, онда адам құқықтары ерекше ескерілетіні және жол бойындағы қауіпсіздіктің күшейтілетіні белгілі. Қалай болғанда да, басты рөлді жүргізушінің атқарарын ұмытпаған абзал. Көлік жүргізу қозғалыс еркіндігін бергенмен, үлкен жауапкершілікті де міндеттейді. Әрбір тұрғын жол қозғалысы Ережесін қатаң сақтап жүрсе, бұның өз өмірлері мен денсаулықтарын сақтауда үлкен үлесін тигізетіні сөзсіз. Өйткені жол қозғалысы бәрімізден ұқыптылықты талап етеді.

Ал енді көлік жолдарының сапасына келетін болсақ, бұл салада қызмет көрсететін мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлік бизнес өкілдері жолды жаңарту мен жөндеу кезіндегі жұмысына атқарушы билік органдары аса зор көңіл аударуына талап етілуі керек.

Жол қозғалысы үлкен мәселенің бірі болғандықтан бұған Елбасымыздың өзі үлкен мән беріп, оны шешуде аса зор қолдау көрсетуде. Осыған орай заман ағымына сай уақыт талабы қажет ететін құрылғылар ала отырып, осы құрылғыларды пайдалануда жеке құрамның білімі мен біліктілігін шыңдау мақсатында ІІО ӘПК жол патрульдік полициясы қызметкерлері тынымсыз еңбектенуде. Бірақ бұл салада олармен қоса барлық құқық қорғау органдары, мемлекеттік атқарушы билік органдары және мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдар мен кез келген Қазақстан азаматы ат салысуы қажет. Сонда ғана біз құқықтық қатынастары дамыған ел бола аламыз және осы мақалада көрсетілген мәселелерді шеше алатындай жағдайға жететініміз анық.

-
- i Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V Заңы // <http://online.zakon.kz>
 - ii Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысы // <http://online.zakon.kz>
 - iii Қазақстан Республикасы ІІО жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 219 бұйрығы // <http://online.zakon.kz>